

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 279 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 70 -құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықта:

2-тармақтың үшінші абзацының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Комиссиялар құрамына енгізілетін мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының мәртебесі департамент директорынан төмен болмауға тиіс.";

7-тармақта "мүдделі мемлекеттік органдардан" деген сөздерден кейін ", ұйымдардан және өзге де тұлғалардан" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақтың 4) тармақшасында "министрліктер мен ведомстволардың" деген сөздер "мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жекелеген жағдайларда комиссиялардың/жұмыс топтарының құрамына ғылыми, үкіметтік емес және басқа да ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, мамандар және олардың келісімі бойынша өзге де адамдар енгізілуі мүмкін.";

14-тармақтың 5) тармақшасында "органдар" деген сөзден кейін "және ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі